

## 2003 жылы туған ер азаматтарды 2020 жылы шақыру учаскесінде тіркеуді үйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 қаңтарда № 5690 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Заңына сәйкес, Қаражал қаласының әкімі ШЕШІМ ЕТТИ:

1. 2020 жылдың сәуір айына дейін 2003 жылы туған ер азаматтарды "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеу үйымдастырылсын.

2. Меншік нысанына және бағыныштылығына қарамастан Қаражал қаласының және Жәйрем кентінің кәсіпорындары, мекемелері, үйымдары және оку орындарының басшылары "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесіне 2003 жылы туған, шақыру учаскесінде тіркеуге жататын ер азаматтардың тізімін белгіленген нысанда ұсынсын.

3. Жәйрем мен Шалғы кенттерінің әкімдері 2003 жылы туған жасөспірімдердің "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінің комиссиясына үйымдастырылған және міндетті түрде келуін қамтамассыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Д. Джакуповқа жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев